

ҒТАХА 05.31.19

DOI: <https://doi.org/10.62724/202420108>

Мәден Асылбек Төреханұлы*¹,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, assylbek_maden@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4498-8105

Ерғазы Анар¹,

7М01601-Тарих білім бағдарламасының 2-курс студенті, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, maratkyzy.a00@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-1412-3601

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ (1989-2021 ЖЖ.)

Аңдатпа. Кейінгі отыз жылда Қазақстан халқы үлкен этнодемографиялық өзгерістерге ұшырады. Басты демографиялық өзгерістердің бірі – халық құрылымының өзгеруі, яғни ауыл халқына қарағанда қала халқының үлесінің күрт өсуі. Бұл үрдіс қазіргі жаһандану жағдайындағы әлемдік демографиялық үрдістерге сәйкес келеді. Елімізде соңғы жылдары халқының саны қарқынды өсіп отырған өңірлер айқындалып келеді. Солардың бірі – Ақтөбе облысы. Облыс республикадағы урбанизация деңгейі жоғары өңірлердің бірі. Әсіресе, жаңа ғасырдан бастап облыс орталығы Ақтөбе қаласының халқының саны күрт өсті. Бұл урбанизация және облыс орталығының айналасына шоғырланған агломерация үдерістерінің әсерінен орын алып отыр. Мақаланың мақсаты осы үдерістердің нәтижесіндегі Ақтөбе облысының қала халқының этнодемографиялық дамуында орын алған өзгерістерді зерттеу, ондағы үрдістерді анықтау. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қала халқы санының динамикасы, жыныстық және ұлттық құрамы, жұмыспен қамтылу деңгейі, білім деңгейі талданып, экономиканың әр саласы бойынша еңбек етушілердің саны анықталды.

Мақаланы жазу барысында тарихилық, объективтілік принциптерді ұстандық. Қала халқының этнодемографиялық дамуын зерделеуде проблемалық-хронологиялық әдіс басшылыққа алынды. Сол сияқты мақаланы жазу барысында тарихи демографияға тән сипаттамалық әдіс, математикалық-статистикалық әдіс, салыстырмалы әдіс, талдау, жалпылау әдістері қолданылды. Олар арқылы қала халқы санының динамикасы, өсіп-өну деңгейі, халық құрамындағы ерлер мен әйелдердің үлесі, ұлттық құрамы, ондағы жекелеген этностардың үлес салмағы есептеліп, анықталды. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар маңызды, оларды тарихи демография пәнін оқытқанда, өлке тарихын зерттеуде пайдалануға болады.

Кілт сөздер. Этнодемография, қала халқы, урбанизация, көші-қон, халық санағы, ұлттық құрам.

Кіріспе. Қазақстан халқы біз қарастырып отырған кезеңде күрделі этнодемографиялық өзгерістерге ұшырады. Оған ықпал еткен негізгі фактор – көші-қон қозғалыстары болды. Мұндай демографиялық үдерістерден Ақтөбе облысының халқы да тыс қалмады. Көші-қон қозғалыстары өткен ғасырдың 70-ші жылдары басталып, кеңес одағының ыдырауымен қарқын алды. Нәтижесінде, өңірден, оның ішінде, қалалардан орыс тілді халықтар өздерінің тарихи отандарына қоныс аударды. Бұл көші-қон ағыны

2000-ші жылдардың басына дейін қарқындылығын сақтады. Облыстың қала халқы өңіраралық көші-қон үдерістеріне де тартылды. Бұл көші-қон ағынында шекаралас аумақ факторы басты рөл атқарды, яғни, өңірге Ақтөбе облысымен шекаралас облыстардан келушілер саны басым болды. Сондай-ақ, 90-шы жылдары және жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында «ауыл-қала» бағытындағы облысшілік көші-қон қарқынды жүрді. Осы көші-қон ағындары жоғарыда атап өткендей, өңірдегі қала халқының этнодемографиялық дамуына түбегейлі өзгерістер жасады. Қала халқының сандық және жыныстық құрамы, ұлттық және әлеуметтік құрылымы өзгерді. Осы мәселелерді зерттеу қажеттілігі мақала тақырыбының өзектілігін айғақтайды.

Ақтөбе облысы еліміздегі экономикасы тұрақты дамып отырған өңірлердің бірі. Өңірде қарқынды түрде халық саны өсіп келеді. Халық санының өсіп-өну көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында алдыңғы қатарда. Ақтөбе облысы қазіргі таңда халықтың урбанизациялану үдерісі бойынша да Қарағанды облысынан кейін екінші орында тұр. Облыста облыс орталығы Ақтөбе қаласынан (облыстық бағыныста) басқа аудандық бағыныстағы 7 қала бар. Олар Қандыағаш, Хромтау, Шалқар, Алға, Ембі, Темір, Жем қалалары. Бұл қалалардың көпшілігі аудан орталығы қызметін атқарады. Хромтау ауданының орталығы Хромтау қаласы еліміздегі моноқалалар қатарына жатады. Облыстағы 12 ауданның ішінде қаласы көбі Мұғалжар ауданы. Ауданға аудан орталығы Қандыағаш қаласынан басқа Ембі және Жем қалалары қарайды. Аталмыш қалалардың тарихына үнілсек, олар тарихи фактор, көлік факторы және тау-кен өнеркәсібінің ашылуы факторының негізінде құрылып, өсіп шыққан. Олардың көпшілігі кеңестік кезеңде қала мәртебесін иеленді. Ал тәуелсіздік алған жылдары ондағы демографиялық жағдай үлкен өзгерістерге ұшырады.

Бұл мақаланың мақсаты Ақтөбе облысындағы қала халқының 1989-2021 жылдардағы этнодемографиялық даму тарихын зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес қала халқының сандық, жыныстық, ұлттық құрамын, жұмыспен қамтылу деңгейін, экономикалық салалар бойынша еңбек етушілердің санын, білім деңгейін зерттеу міндеті қойылды.

Мақалаға арқау болып отырған мәселенің зерттелу деңгейіне келсек, Ақтөбе облысындағы қала халқының этнодемографиялық даму тарихы жекелей арнайы зерттелмеген. Бұл бағытта жалпы Батыс Қазақстан халқының тарихына қатысты зерттеулердің бар екендігін атап өткен жөн. Сондықтан жекелеген облыстардың тарихын, оның ішінде халқының демографиялық тарихын зерттеуді қолға алу маңызды. Жекелеген өңірлердің тарихынан бүкіл тұтас елдің тарихы жинақталып, қалыптасады. Аталмыш мақала халық санақтарының қорытындылары, ағымдағы статистикалық материалдар негізінде жазылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. 1989-2021 жылдардағы санақаралық кезеңде Ақтөбе облысындағы қала халқы екі есеге жуық өсті. Үстіміздегі жылдың 1-сәуіріндегі мәлімет бойынша облыстағы қала халқының саны 706 388 адамды құрап отыр, оның 341 416-сы ерлер, ал 364 972-сі әйелдер. Қала халқының үлесі облыстағы жалпы халықтың 75 %-іне тең [1]. Бұл көрсеткіш әлемнің дамыған елдеріндегі демографиялық үрдістерге толық сәйкес келеді. Жалпы, аталмыш санақаралық кезеңдегі облыстағы қала халқы санының динамикасын төмендегі кестеден (1 кесте) [2, б.35; 3, б.18; 4, б.55; 5, б.7] көруге болады.

1 кесте – Ақтөбе облысындағы қала халқы санының 1989-2021 жылдардағы динамикасы

	Халық санақтары			
	1989	1999	2009	2021
Барлық халық	396377	383674	461050	671589

Ерлер	187231	180853	216651	323999
Әйелдер	209146	202821	244399	347590

Кестеден көрінетіндей, санақаралық отыз жылда облыстағы қала халқының саны 275 212 адамға немесе 40,9 %-ке өскен. Дегенмен, 1999 жылғы санақ қорытындылары қала халқы санының біршама кемігендігін көрсетеді. Оның себептері Кеңес одағы ыдырағаннан кейін қалалардағы өзге этнос өкілдерінің өздерінің тарихи отандарына қоныс аударуы болды. Облыстағы өзге этнос өкілдері көбірек шоғырланған Ақтөбе, Хромтау, Қандыағаш, Алға қалаларынан орыстар, украиндар, немістер, еврейлер және басқалар қоныс аударды. Олардың орнына ішкі көші-қон есебінен қалаларға ауылдағы қазақтар ағылды. Бұл ішкі көші-қон 1990 жылдары бойы және жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығы бойы қарқынды жүрді. Нәтижесінде 1999-2009 жылдар аралығында облыстағы қала халқының саны 16,7 %-ке артты. Бұл өсімнің негізінен көші-қон есебінен қалыптасқандығын атап өткен жөн. Дегенмен, 2004-2005 жылдардан бастап еліміздегі әлеуметтік-экономикалық ахуал дұрысталып, ол өз кезегінде демографиялық жағдайға оң әсер етті. Осы кезеңнен бастап қала халқының бала туу көрсеткіші де артып, табиғи өсім есебінен өсу орын алды.

Кесте мәліметтерінен қала халқының жыныстық құрамындағы айырмашылықтың санақаралық отыз жылда бірқалыпты деңгейде сақталғандығын да байқауға болады. Ерлер мен әйелдер санындағы айырмашылық 20 мың адамның үстінде. 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша қала халқында ерлерге қарағанда әйелдер саны 23591 адамға көп.

Жоғарыда атап өткендей, қарастырып отырған кезеңде өңірдегі қала халқы айтарлықтай этнодемографиялық өзгерістерге ұшырады. Сондықтан, облыстағы қала халқының этнодемографиялық дамуын зерттеуде осы қалалардағы халықтың өсіп-өнуіндегі қазіргі үрдістерді қарастыру маңызды. Алдымен осы қалалардағы халық санының динамикасын төмендегі кесте (2 кесте) [2, б.35-37; 6, б.85; 7, б.45-54; 8, б.63-70] арқылы зерделесек.

2 кесте – Ақтөбе облысындағы қалалар халқы санының 1989-2021 жылдардағы динамикасы

Қалалар атауы	Халық санақтары			
	1989	1999	2009	2021
Ақтөбе қаласы	252978	253088	391669	540493
Қандыағаш қаласы	26881	25553	29169	34898
Хромтау қаласы	24563	23882	24089	29579
Шалқар қаласы	27622	26329	26574	27833
Алға қаласы	17907	15372	19705	22446
Ембі қаласы	16141	13487	11212	12783
Темір қаласы	3222	2310	2678	2202
Жем қаласы	-	1142	1936	1355

Кестеден көрінетіндей, қалалардың ішінде облыс орталығы Ақтөбе қаласы халқының саны аталмыш санақаралық отыз жылда екі еседен артыққа өскен. Өсім 53,1 %-ті құрап отыр. 2009 жылға дейін ол негізінен көші-қон есебінен қамтамасыз етілсе, одан кейінгі жылдары халық саны табиғи өсім есебінен көбейді. Аудандық бағыныстағы қалалардың ішінен аталмыш кезеңде Қандыағаш, Хромтау және Алға қалаларының халқының біршама өскендігін байқауға болады. Бұл қалалардағы халықтың ұлттық құрамы да тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Аталмыш қалаларда кеңестік кезеңде тұрған өзге этнос өкілдері өткен ғасырдың 80-шы

жылдарының соңынан бастап өздерінің тарихи отандарына қоныс аударды. Олардың орнына сол аудандағы немесе облыстың Байғанин, Шалқар, Ырғыз, Әйтекеби сынды шалғай аудандарының ауыл халқы көшіп келді. Осылайша, аудандық бағыныстағы бұл қалалардың халқының құрамында жергілікті халық – қазақтардың үлесі артты.

Облыстағы аудандық бағыныстағы қалалардың ішінде Темір ауданына қарасты Темір қаласының және Мұғалжар ауданына қарасты Жем қаласының демографиялық жағдайы бұлыңғыр көрінеді. Оның себебі аталмыш қалаларда өндіріс орындары, инфрақұрылым жоқ, темір жол бармайды. Сондықтан екі қалада да 2009 жылдан кейін халық санының кемуі байқалады. Жалпы, бұл қалаларға қала мәртебесін берерде осындай жағдайлар ескерілмегенге ұқсайды. Қазіргі таңда осы екі қаланың халқы елді мекеннен қала мәртебесін алып, ауылдық елді мекенге айналдыруды талап етіп отыр. Ауылдық елді мекенге айналса тұрғындар тиісті жеңілдіктерге, айлық жалақыларына қосылатын үстеме ақыларына қол жеткізуге мүмкіндік алады.

Қарастырылып отырған санақаралық кезеңде облыстағы қала халқының ұлттық құрамы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жоғарыда атап өткендей, Кеңес одағы ыдырап, қалыптасқан жаңа саяси жағдайларға байланысты қалалардағы өзге этнос өкілдері тарихи отандарына қоныс аударды. Дегенмен, бұл көші-қон үдерісінің ол оқиғаға дейін-ақ өткен ғасырдың 80-шы жылдарынан басталғандығын да атап өткен жөн. Нәтижесінде облыстағы қала халқының құрамында үлесі салыстырмалы түрде жоғары болып келген орыстар, украиндар және немістердің саны қысқарды.

Өңірдегі қала халқының ұлттық құрамына қатысты басқа де өзгерістерді төмендегі кестеде (3 кесте) [9, б.18; 10, б.41-42; 11, б.5-7] берілген мәліметтер бойынша айқындауға болады.

3 кесте – Ақтөбе облысы қала халқының ұлттық құрамы (1989-2009 жж. санақаралық кезең)

	Халық санақтары		
	1989	1999	2009
Барлығы	396377	383674	461050
қазақтар	159575	238597	347121
орыстар	139420	90921	81254
украиндар	46145	28096	13825
немістер	19360	5731	2701
татарлар	13334	9285	7323
белорустар	3236	1737	841
башқұрттар	2035	743	516
молдавандар	1966	1092	746
Басқа этностар	11306	7472	6723

Кестеде біз 1989, 1999 және 2009 жылдары өткен халық санақтарының ғана мәліметтерін жинақтап беріп отырмыз. Өйткені, 2021 жылғы халық санағының жекелеген облыстар бойынша қорытындылары әлі де жарияланбаған. Сонымен кестеге назар аударсақ, 1989-2009 жылдар аралығындағы санақаралық жиырма жыл ішінде титулды ұлт – қазақтардан басқа өзге этностардың саны тұрақты түрде қысқарып келгендігін көруге болады. Халық санының кемуі орыстарда – 58166 адамды немесе 41,7 %-ті, украиндарда – 32320 адамды немесе 70 %-ті, немістерде – 16659 адамды немесе 86 %-ті, татарларда – 6011 адамды немесе 45,1 %-ті, белорустарда – 2395 адамды немесе 74 %-ті, башқұрттарда – 1519 адамды немесе 74,6 %-ті, молдавандарда – 1220 адамды немесе 62 %-ті және басқа этностарда – 4583 адамды немесе 40,5 %-ті құрады. Аталмыш этностардың ішінде украиндар, немістер, башқұрттар және белорустар санының күрт

қысқарғандығын атап өткен жөн. Жоғарыда атап өткендей, мұндай жағдай бұл этнос өкілдерінің ғасырлар тоғысында өздерінің тарихи отандарына оралуына байланысты орын алды.

Қала халқындағы қазақтардың үлесіне келсек, олардың саны аталмыш кезеңде 187546 адамға немесе 117,5 %-ке өскен. Бұл өсім негізінен көші-қон есебінен қамтамасыз етілді, яғни 1990 жылдардың басынан ауылдағы қазақтар күн көрістің қамымен қалаларға ағылды. Ауыл қазақтары облыс орталығы Ақтөбе қаласына көптеп қоныс аударды, олар көшіп кеткен басқа этнос өкілдерінің орнын басты. Сөйтіп, қаладағы қазақтардың үлесі артты. «Ауыл-қала» бағытындағы көші-көн үдерісі қазірдің өзінде жалғасып жатыр, дегенмен оның қарқыны өте баяу.

Облыстағы қала халқының этнодемографиялық даму тарихын зерттегенде жекелеген қалалардағы халықтың ұлттық құрамын қарастыру маңызды. Қолда бар статистикалық материалдар негізінде тек Ақтөбе қаласының жекелеген этностар бойынша халық санын қарастыруға мүмкіндік бар. Сонымен 2023 жылдың басында Ақтөбе қаласында 464 598 титулды ұлт өкілі, яғни қазақтар тұрды. Бұл облыстағы жалпы қазақтардың 58,7 %-ін құрайды. Орыстардың саны 51123 адам, бұл облыстағы жалпы орыстардың санының 74,3 %-і. Украиндар – 19082 адам, бұл облыстағы осы этнос өкілдерінің 60,2 %-і. Татарлар – 7628 адам, бұл облыстағы барлық татарлардың 76 %-і. Немістер – 3911 адам, бұл облыстағы барлық немістердің 55,5 %-і. Белорустар – 1156 адам, олар облыстағы барлық осы этнос өкілдерінің 64,1 %-ін құрады. Молдавандар – 1053 адам, бұл облыстағы барлық осы этнос өкілдерінің 59,6 %-і. Кәрістер – 1371 адамды, немесе облыстағы барлық кәрістердің 86,3 %-ін құрады. Әзірбайжандар – 1212 адам, бұл облыстағы барлық әзірбайжандардың 79,2 %-ті. Өзбектер – 1085 адам, бұл облыстағы осы этнос өкілдерінің 73,6 %-ін құрайды. Ақтөбе қаласы халқының құрамындағы қалған этнос өкілдері мың адамға да жетпеді. Олардың жалпы саны 7715 адамды құрады [12]. Бұл облыс орталығындағы жалпы халықтың 1,3 %-не тең. Берілген мәліметтерден көрінетіндей, жалпы облыстағы өзге этнос өкілдерінің негізгі дені Ақтөбе қаласында шоғырланған. Өзге этнос өкілдері, атап айтқанда, орыстар, украиндар, немістер, белорустар Ақтөбе облысында дәстүрлі түрде Ресеймен шекаралас аймақтарда, яғни Алға, Қобда, Мәртөк, Қарғалы, Хромтау аудандарында өмір сүрді. Бұл жағдай кезіндегі Ресей империясының қоныстандыру саясатымен байланысты болды.

Халық санақтарының материалдары қала халқының әлеуметтік жағдайын, яғни олардың жұмыспен қамтылу деңгейін, көнкөріс көздерін, білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, 2009 жылғы халық санағының қорытындыларынан Ақтөбе облысындағы қала халқының жұмыспен қамтылу деңгейін, оның ішінде, экономиканың әртүрлі салалары бойынша жұмыспен қамтылғандарының санын көруге болады. Ол үшін төмендегі кестеге (4 кесте) [13, б.106-107] назар аударсақ.

4 кесте – Ақтөбе облысындағы қала халқының экономика салалары бойынша жұмыспен қамтылу деңгейі (2009 ж. санақ қорытындылары)

	Жұмыспен қамтылған халық, адам	соның ішінде			
		ерлер		әйелдер	
		адам	%	адам	%
Барлығы	190122	101223	53,2	88899	46,8
соның ішінде:					
ауыл шаруашылығы	4986	2875	57,7	2111	42,3
өнеркәсіп	34585	23802	68,8	10783	31,2
құрылыс	18445	15117	82,0	3328	18,0
білім беру, денсаулық сақтау	27273	5066	18,6	22207	81,4

көлік және байланыс	22251	16644	74,8	5607	25,2
қаржылық қызметі	9411	3461	36,8	5950	63,2
мемлекеттік басқару	11960	6692	56,0	5268	44,0
сауда	22783	6564	28,8	16219	71,2
коммуналдық қызметтерді көрсету	6883	3700	53,8	3183	46,2
басқа қызметтер	29056	15651	53,9	13405	46,1
басқа	2489	1651	66,3	838	33,7

Кестеден көрінетіндей, 2009 жылы облыстағы қала халқының саны 461050 адам болса, соның 190122-сі жұмыспен қамтылған. Бұл жалпы халықтың 41,2 %-ін құрайды. Дегенмен, бұл жерде жұмыспен қамтылғандардың халықтың еңбекке жарамды бөлігі екендігін ескеру қажет. Жұмыспен қамтылғандардың ішінде әйелдерге қарағанда ерлердің саны басым. Оны кейбір әйелдердің жұмыс жасамай, негізінен бала тәрбиесі және үй шаруасымен айналасуымен байланыстыруға болады.

Экономика салалары бойынша ерлер мен әйелдердің дәстүрлі түрде өздері еңбек ететін салалары бар. Кесте көрсететіндей, ерлердің үлесі өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс салаларында басым. Бұл жұмыстар негізінен адамның физикалық күшін талап етеді және сондықтан оларды негізінен ер адамдар атқарады. Ал әйелдердің үлесі білім беру, денсаулық сақтау және сауда салаларында басым болып отыр. Бұл дәстүрлі құбылыс. Өйткені, бұл жұмыстар ой еңбегі арқылы атқарылады, яғни адамның қатты бір физикалық күш салуын талап етпейді. Ал сауда саласын қазақ әйелдері тәуелсіздік алған жылдардан бастап игеріп, сол арқылы қиын кезеңде отбасыларын асырады. Экономиканың басқа салалары бойынша ерлер мен әйелдердің үлесінің біркелкі болғандығын көруге болады.

Қала халқының сандық және сапалық құрамын зерделегенде олардың білім деңгейін талдау да маңызды. Мұндай мәліметтер қаладағы тұрғынның әлеуметтік портретін жасауға мүмкіндік береді. Сонымен 2021 жылғы халық санағы бойынша облыстағы қала халқының білім деңгейі бойынша құрамы төмендегідей: жоғары оқу орнынан кейінгі білімі барларының саны – 4816, жоғары білімі барларының саны – 124 938, аяқталмаған жоғары білімі барларының саны – 7544, техникалық және кәсіптік білімі барларының саны - 35 211, орта кәсіптік (арнайы) білімі барларының саны – 94747, бастауыш кәсіптік білімі барларының саны – 13565, жалпы орта білімі барларының саны - 124 813, негізгі орта білімі барларының саны – 47 121 және бастауыш білімі барларының саны – 65987 адам болды [14, б.101-111]. Сонымен қала халқындағы барлық білімі барларды қосатын болсақ, ол 518 742 адам болып шығады. Бұл сол уақыттағы облыстағы жалпы қала халқының 77,2 %-ін құрайды. Қалғандары бастауыш білімді аяқтамаған және мектепке дейінгі балалар болып табылады.

Қорытынды. Сонымен жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелері мен қорытындылар аталмыш санақаралық кезеңде Ақтөбе облысының қала халқы айтарлықтай этнодемографиялық өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді. Біріншіден, қала халқы санының динамикасы қарқынды жүрді. Осы санақаралық кезеңде қала халқының саны екі есеге жуық өсті. Қала халқының саны 1999 жылы 1989 жылғымен салыстырғанда аз болды. 1989 жылғы көрсеткішке жаңа ғасырдың басында қол жеткізілді. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша өңірдегі қала халқының саны 1989 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 14 %-ке артық болды. Ал 2009-2021 жылғы санақаралық кезеңде қала халқы 31,3 %-ке өскен, яғни жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығының ортасынан бастап қала халқының саны қарқынды өскен. Оған бірінші кезекте табиғи өсім ықпал етті. Екіншіден, жекелеген қалалар бойынша тек облыс орталығы Ақтөбе қаласының халқының саны ұлғайған. Ақтөбе қаласы халқының саны

1989 жылғы көрсеткішке 1999 жылы-ақ жеткен. Ол механикалық өсім есебінен қамтамасыз етілді. Одан кейінгі он жылда облыс орталығындағы халық саны 35,3 %-ке өссе, кейінгі он екі жылда тағы 27,5 %-ке көбейген. Бұл көрсеткіштің алдыңғы онжылдықтан аз болуы облыс орталығына ағылған көші-қон қарқынының бәсеңдеуіне байланысты. Осыған орай, 2009-2021 жылдардағы санақаралық кезеңде Ақтөбе қаласының халқы негізінен табиғи өсім есебінен өсіп-өнді деген қорытынды жасауға болады. Қалған аудандық бағыныстағы қалалар халқының санының динамикасында айтарлықтай өзгерістер жоқ. Тіпті аталмыш кезеңде Ембі, Темір және Жем қалаларындағы халық саны кеміп кеткен. Бұл жағдай ол қалалардағы әлеуметтік-экономикалық өмірдің тұрғындар үшін қолайсыз болуымен байланысты. Үшіншіден, қала халқының ұлттық құрамы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Оның басты нәтижесі қазақтардың титулды ұлтқа айналып, халық құрамындағы үлесінің артуы болды. Қаладағы қазақтардың саны 1989 жылдан бері үш еседен артыққа өсті, халықтың құрамындағы үлесі 80 %-тен артты. Басқа этнос өкілдеріне келсек, олардың қала халқындағы үлесі кеміп келеді. Аталмыш санақаралық отыз жылда немістердің, башқұрттардың, белорустардың, украиндардың саны күрт кеміген. Олардың санының кему деңгейі 70 пен 86 %-тің аралығында болды. Ал орыстар мен татарлар санының қысқаруы 40 %-тен артты. Төртіншіден, қарастырып отырған кезеңде қала халқының әлеуметтік құрылымы да өзгерді, білім деңгейі көтерілді. Санақ материалдары арқылы қаладағы жұмыспен қамтылғандардың әртүрлі салаларда еңбек етіп отырғандығын көруге болады. Тәуелсіздік жылдары қалаларда, әсіресе Ақтөбе қаласында өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, сауда, халыққа қызмет көрсету салаларының қарқынды дамуына байланысты осы салаларда жұмыс жасайтын адамдардың саны артқан. Сол сияқты дәстүрлі түрде қала халқының құрамында мұғалімдер мен дәрігерлердің үлесі басым. Қорыта айтқанда, қазіргі таңда Ақтөбе облысының қалаларында, әсіресе, облыс орталығында негізінен нақты білімі бар, экономикалық жағдайы тұрақты, көзі ашық, көкірегі ояу, болашаққа сенімді тұрғын тұрып жатыр деп айтсақ болады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Численность населения Республики Казахстан по полу и по типу местности. [Электронный ресурс]. <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/158504/> (дата обращения: 15.05.2024)
- 2 Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 г. по Казахской ССР. Численность и размещение населения (раздел 1) [Текст] / Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1990. – 81 с.
- 3 Население Республики по полу и возрасту. Итоги переписи населения 1999 года в Республики Казахстан [Текст] / Стат. сборник // Под ред. А.Смаилова. Алматы, 2000. – 184 с.
- 4 Население Республики Казахстан. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 1. [Текст]. / Стат. сборник // Под ред. А.Смаилова. Астана, 2011 – 242 с.
- 5 Қысқаша қорытындылар [Текст] / 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары. Нұр-Сұлтан, 2022. – 63 б.
- 6 Численность и размещение населения в Республики Казахстан. Т. 1. [Текст]. / Итоги переписи населения 1999 г. в РК. Алматы, 2000. – 100 с.
- 7 Ақтөбе облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 1-том. [Текст]. / Стат. жинақ // Редакциясын басқарған Ә.А.Смайылов. Астана, 2011. – 102 б.

8 Қазақстан Республикасының халқы. 1 том. [Текст] / 2021 жылғы ҚР халқының ұлттық санағының қорытындылары. Астана, 2023. – 217 б.

9 Об основных показателях Всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. [Текст]. / Алма-Ата: Казинформцентр, 1991. – 75 с.

10 Қазақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. 1 т. [Текст]. / ҚР 1999 жылғы халық санағының қорытындылары. Алматы, 2000. – 202 б.

11 Ақтөбе облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 2-том. [Текст]. / Стат. жинақ // Редакциясын басқарған Ә.А.Смайылов. Астана, 2011. – 130 б.

12 Численность населения по отдельным этносам Республики Казахстан (на начало 2023 г.) [Электронный ресурс].

<https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/6373/> (дата обращения: 19.07.2023)

13 Ақтөбе облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. 3-том. [Текст]. / Стат. жинақ // Редакциясын басқарған Ә.А.Смайылов. Астана, 2011. – 170 б.

14 Қазақстан Республикасындағы білім беру [Текст]. / 2021 ж. ҚР халқының ұлттық санағының қорытындылары (қазақ және орыс тілдерінде). Астана, 2023. – 113 б.

REFERENCES

1 Chislennost' naseleniya Respubliki Kazahstan po polu i po tipu mestnosti [Increase in the population of the Republic of Kazakhstan by half and by type of location]. <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/158504/> (data obrashcheniya: 15.05.2024) – (In Rus)

2 Itogi Vsesoyuznoi perepisi naseleniya 1989 g. po Kazakhskoi SSR. Chislennost' i razmeshchenie naseleniya (razdel 1) [results of the entire population transition in 1989 to the Kazakh SSR. 1)]. Alma-Ata: Respublikanskii informatsionno-izdatel'skoi tsentr, (1990): 81 s. – (In Rus)

3 Naselenie Respubliki po polu i vozrastu. Itogi perepisi naseleniya 1999 goda v Respubliki Kazakhstan [population of the Republic for half a year. The results of the transition of the population to the Republic of Kazakhstan in 1999]. Stat. Sbornik. Pod red. A.Smailova. Almaty, (2000): 184 s. – (In Rus)

4 Naselenie Respubliki Kazakhstan. Itogi Natsional'noi perepisi naseleniya Respubliki Kazakhstan 2009 goda. Tom 1. [Population Of The Republic Of Kazakhstan. The results of the National transition of the population of the Republic of Kazakhstan in 2009. Volume 1.]. Stat. Sbornik. Pod red. A.Smailova. Astana, (2011): 242 s. – (In Rus)

5 Kyskasha korytyndylar [Brief conclusions]. 2021 zhylygy Kazakstan Respublikasy halkynyn ul'ttyk sanagynyn korytyndylary. Nur-Sultan, (2022): 63 b. – (In Kaz)

6 Chislennost' i razmeshchenie naseleniya v Respubliki Kazakhstan. T. 1. [The number and location of the population in the Republic of Kazakhstan. Vol. 1.]. / Itogi perepisi naseleniya 1999 g. v RK. Almaty, (2000):100 s. – (In Rus)

7 Aktobe oblysy. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy halkynyn Ul'ttyk sanagynyn korytyndylary. 1-tom [Aktobe region. Results of the national census of the population of the Republic of Kazakhstan in 2009. Volume 1]. Stat. Zhinak. Redakciyasyn baskargan Ә.А.Смайылов. Astana, (2011): 102 b. – (In Kaz)

8 Kazakstan Respublikasynyn halky. 1 tom. [population of the Republic of Kazakhstan. Volume 1]. 2021 zhylygy KR halkynyn ul'ttyk sanagynyn korytyndylary. Astana, (2023): 217 b. – (In Kaz)

9 Ob osnovnykh pokazatelyakh Vsesoyuznykh perepisei naseleniya 1939, 1959, 1970, 1979 i 1989 gg. [About the main indicators of the entire population in 1939, 1959, 1970, 1979 and 1989.]. Alma-Ata: Kazinformtsentr, (1991): 75 s. – (In Rus)

10 Kazakstan Respublikasy halkynyn ulttyk kuramy. 1 t. [national composition of the population of the Republic of Kazakhstan. 1 vol.]. KR 1999 zhylygy halyk sanagynyn korytyndylary. Almaty, (2000): 202 b. – (In Kaz)

11 Aktobe oblysy. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy halkynyn Ulttyk sanagynyn korytyndylary. 2-tom. [Aktobe region. Results of the national census of the population of the Republic of Kazakhstan in 2009. Volume 2.]. Stat. Zhinak. Redakciyasyn baskargan Ә.А.Смажылов. Astana, (2011): 130 b. – (In Kaz)

12 Chislennost' nasleniya po otdel'nym etnosam Respubliki Kazahstan (na nachalo 2023 g.) [the importance of individual ethnic groups of the Republic of Kazakhstan (beginning of 2023)] <https://stat.gov.kz/ru/industries/socialstatistics/demography/publications/6373/> (data obrashcheniya: 19.07.2023) – (In Rus)

13 Aktobe oblysy. 2009 zhylygy Kazakstan Respublikasy halkynyn Ulttyk sanagynyn korytyndylary. 3-tom. [Aktobe region. Results of the national census of the population of the Republic of Kazakhstan in 2009. Volume 3.]. Stat. Zhinak. Redakciyasyn baskargan Ә.А.Смажылов. Astana, (2011): 170 b. – (In Kaz)

14 Kazakstan Respublikasyndagy bilim beru [education in the Republic of Kazakhstan]. 2021 zh. KR halkynyn ulttyk sanagynyn korytyndylary. Astana, (2023):113 b. – (In Kaz, In Rus)

ИСТОРИЯ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ (1989-2021 ГГ.)

Аннотация. За последние тридцать лет население Казахстана претерпело большие этнодемографические изменения. Одним из основных демографических изменений является изменение структуры населения, то есть резкое увеличение доли городского населения по сравнению с сельским. Эта тенденция соответствует мировым демографическим тенденциям в условиях современной глобализации. За последние годы в стране выделились регионы, где наблюдается быстрый рост населения. Один из них является Актюбинская область. Область является одним из регионов с высоким уровнем урбанизации в республике. С начала нового столетия особенно резко выросло население областного центра г. Актобе. Это связано с влиянием процессов урбанизации и агломерации, сконцентрированных вокруг областного центра. Цель статьи – изучить изменения, произошедшие в этнодемографическом развитии городского населения Актюбинской области в результате этих процессов, выявить тенденции в нем. В результате исследовательской работы была проанализирована динамика численности городского населения, половозрастной и национальный состав, уровень занятости, уровень образования, а также определена численность работающих в каждой отрасли экономики.

При написании статьи руководствовались принципами историзма и объективности. Для изучения этнодемографического развития населения города был использован проблемно-хронологический метод. А также были использованы типичные для исторической демографии описательный метод, математико-статистический метод, сравнительный метод, методы анализа и обобщения. Посредством них рассчитывалась и определялась динамика численности городского населения, уровень его роста, доля мужчин и женщин в составе населения, национальный состав, доля в нем отдельных этнических групп. Выводы, полученные в результате исследования, важны, их можно

использовать при преподавании предмета историческая демография, при изучении истории края.

Ключевые слова. Этнодемография, городское население, урбанизация, миграция, перепись населения, национальный состав.

THE HISTORY OF THE ETHNODEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE URBAN POPULATION OF AKTOBE REGION (1989-2021)

Annotation. Over the past thirty years, the population of Kazakhstan has undergone great ethno-demographic changes. One of the main demographic changes is a change in the population structure, that is, a sharp increase in the proportion of the urban population compared to the rural one. This trend corresponds to world demographic trends in the context of modern globalization. In recent years, the country has identified regions where rapid population growth has been observed. One of them is Aktobe region. This is one of the regions with a high level of urbanization in the republic. Since the beginning of the new century, the population of the regional center of Aktobe has grown especially sharply. This is due to the influence of urbanization and agglomeration processes concentrated around the center of the region. The purpose of the article is to study the changes that have occurred in the ethnodemographic development of the urban population of the Aktobe region as a result of these processes and to identify trends in it. As a result of the research work, the dynamics of the city's population, gender, age and national composition, employment level, level of education were analyzed, and the number of employees in each sector of the economy was determined.

When writing the article, we were guided by the principles of historicism and objectivity. A problem-chronological method was used to study the ethnodemographic development of the city's population. When writing the article, the descriptive method typical for historical demography, the mathematical and statistical method, the comparative method, the methods of analysis and generalization were used. Through them, the dynamics of the city's population, the level of its growth, for men and women in the population, the national composition, and the share of individual ethnic groups in it were calculated and determined. The conclusions obtained as a result of the study are important, they can be used when teaching the subject of historical demography, and when studying the history of the region.

Key words. Ethnodemography, urban population, urbanization, migration, the census, national composition.